

Тұлғаның өзін - өзі дамытуындағы сынып жетекшісінің рөлі



**« XXI ғасырды құрушы
іскер, өмірге икемделген,
жан-жақты мәдениетті
жеке тұлғаны тәрбиелеу
керек».**

Н. Назарбаев

Тұлға ұғымының мәні мен түсінігі

- * Индивид- (лат. *individuum* бөлінбейтін) объектілердің белгілі бір түрінен, тегінен класынан бөлініп шыққан жалқы, жеке объект. Қазіргі логикада санадан тыс немесе оның ішіндегі объектінің белгілі бір қасиеттері бар және басқа объектілермен байланыса алады, бірақ сол қасиеттер мен байланыстар тарапынан қарастырылмайды.

- **Жеке тұлға дегеніміз**-өзінің қайталанбас индивидуалдығымен ерекшеленетін индивидтің әлеуметтік қатынас жүйесіне енуі, қоғам дамуының өкілі ретінде адамдардың әлеуметтік қасиеттерінің толықтығы.

* Жеке тұлға белгілерінің пайда болуы мен дамуына және тұлғалардың қалыптасу процесіне әсер ететін факторлар: 1) биологиялық тұқымқуалаушылық. 2) Физикалық орта. 3) Мәдениет 4) Топтық тәжірибе. 5) Индивидуалды тәжірибе.

Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері қандай?

*

Сынып оқушыларының талап, тілектері мен мүдделерін және олардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты танып білу.

- * Сыныптағы оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымға ұйымдастыру.
- * Сыныптағы пән мұғалімдері мен мектеп әкімшілігінің және оқушылардың ата-аналарының тәрбиелік ықпалын үйлестіру.
- * Оқушылардың жеке басын қоғамның талабына сай тәрбиелеу, жан-жақты қалыптасқан тұлға болып шығуына ықпал ету.

* **Тәрбие** – жеке тұлғаның адамдық бейнесін қалыптастырып, өмірге бейімдеу үшін жүргізілетін игі әрекет. Тәрбие – адамды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжірибені беру процесі.

* **Тұлға** – 1) дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты және адам болмысының қайталанбас, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны;

* 2) адамдар арасындағы өзінің ұстаным – орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам. Тұлға қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым –қатынастар жүйесімен, мәдениет пен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам, тұлға болып туа қалмайды, әлеуметтену процесінде тұлға болып шығады.

Тұлғаның әлеуметтену процесі

Тұлғаны одан әрі әлеуметтендіру процесі тек қана адамдардың алуан түрлі бірліктері мен топтық шеңберінде болуымен шектелмейді. Тұлғаны әлеуметтендіру оны өз бетімен еркін азаматтың алдыңғы қатарлы тәжірибелеріне, мәдени бағалы құндылықтарына, нысандарына, бағыттарына, т.б белсенді араласып, оларды терең игеруге, бойына сіңіруге, өңдеуге мәжбүр етеді. Осылардың негізінде тұлғаның ерекшелік қасиеттері одан әрі тереңдей түседі оның әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі тануы, өзінше бағалау қасиеттері қалыптасады.

Тұлға- әлеуметтік қатынастардың объектісі және субъектісі ретінде.

Тұлға тек қана әлеуметтік қоғамдық қатынастардың жемісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік іс- әрекет, қызмет қоғамның барлық салаларында әрдайым көрініп отырады. Макс Вебер іс -әрекетті біреуге бағытталуын, нысаналануын тосу, күту, үміт ету дейді.

Вебер әлеуметтік іс -әрекетті, қимылды 4типке бөледі.

1. Ақыл ойдың мақсатқа бағытталуы. Мұнда әрбір іс -әрекеттің мақсаты мен құрлымының бір- біріне сәйкестігі көзделеді
2. Іс әрекеттің құндылыққа бағытталуы. Мұнда әрбір іс әрекеттің басқа құндылық, бағалық үшін өмір сүруі көзделген.

* **Даму** - өзіне тән ерекшелігі бар сапалық қозғалыстың түрі. Құбылыстардың пайда болуы мен жойылып кетуі дамуға байланысты. Кез-келген даму – уақытпен байланысты болады. Дамудың бағытын тек уақыт анықтайды.

*

Қорыта келгенде, туған сәби әлі тұлға емес.

Ол тек қана индивид. Ол адам тегінің өкілі.

Қандайда бір қоғамда адамның әлеуметтік жүйедегі орны бар. Ал қоғамның адамға белгілі бір талап қоюы оның әлеуметтік рөлінің мазмұны мен мәнін құрайды.

Жеке тұлғаның дамуы – жеке адамды әлеуметтендіру және тәрбиелеу нәтижесінде, жеке адамды әлеуметтік тұлға ретінде қалыптастыру процесі.



* «Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтқанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне -өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру дген мағынада жүргізіледі».

М. Жұмабаев

